**"Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 429 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 маусымдағы № 341 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 429 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 33, 405-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның құрамына:

Дәулет - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік

Еділұлы Ерғожин комитеті Төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

енгізілсін;

мына:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары";

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі";

"Батырбеков - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа

Ерлан Ғадлетұлы технологиялар министрлігінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры (келісім бойынша)";

"Шәукенова - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

Зарема Қаукенқызы министрлігі Ғылым комитетінің "Философия, саясаттану және дінтану институты" республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорнының директоры (келісім бойынша)";

"Қайдарова - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау

Диляра Радикқызы және әлеуметтік даму министрлігі "Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары";

"Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі";

"Батырбеков - Қазақстан Республикасы Энергетика

Ерлан Ғадлетұлы министрлігінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры";

"Шәукенова - Қазақстан Республикасы Президентінің

Зарема Қаукенқызы жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры (келісім бойынша)";

"Қайдарова - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

Диляра Радикқызы министрлігінің "Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры";

"Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім бойынша)" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" акционерлік қоғамының басқарма басшысы (келісім бойынша)";

көрсетілген құрамнан А.Б. Есенжолов, А.Қ. Жұмағалиев, Ә.Ж. Ыбыраев шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *Б.Сағынтаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК